



білдірді.

– Құрметті Владимир Владимирович, ең алдымен, Мәскеуге, осынау қасиетті жерге табаным тиген сәттен бастап көрсетілген ерекше сый-құрмет үшін Сізге ризашылығымды білдіремін. Жаңа ғана протокол аспектілері жөнінде айтылды. Шын мәнінде, Ресей астанасындағы ыстық ықылас мені қатты таңғалдырды әрі қуантты. Екіжақты ынтымақтастық стратегиялық серіктестік, одақтастық қатынастар сипатына ие. Барлық бағытта бірлесе жұмыс атқарып келеміз. Мемлекеттеріміз арасында ешқандай түйткіл жоқ. Мәселе туындаған күннің өзінде президенттер мен үкіметтер басшыларының

Қазақстан мен Ресей арасындағы тауар айналымы 30 млрд АҚШ долларына жуықтады

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Мәскеуге жасалатын мемлекеттік сапары қарсаңында екі ел арасындағы қатынастардың жаңа белесіне жол ашатын маңызды құжатқа қол қойылатынын мәлімдеді.

«Мәскеуге жасалатын сапарымның барысында күн тәртібінде тұрған басты тармақтардың бірі–Қазақстан мен Ресей арасындағы қатынастарды жан-жақты стратегиялық әріптестік пен одақтастық деңгейіне көтеру туралы Декларацияға қол қою болмақ. Бұл құжат, сөзсіз, екіжақты байланыстардың жаңа дәуірін ашып, өзара сенімнің бұрын-соңды болмаған деңгейін және барлық бағыт бойынша тығыз ынтымақтастыққа әзірлігімізді айғақтайды», дейді Президент.

Ресей Федерациясы – еліміздің ең ірі сыртқы сауда серіктестерінің үштігіне кіреді. Өз кезегінде, Қазақстан да Ресейдің негізгі бес сауда серіктесінің қатарында. Екі ел арасындағы тауар айналымы тұрақты түрде өсіп, 30 миллиард долларға жуықтап келеді.

Мемлекет басшысының айтуынша, инвестициялық ынтымақтастық та қарқынды дамып жатыр. Ресейлік инвесторлар Қазақстан экономикасына қаржы құю көлемі бойынша көшбасшылардың бірі болып саналады. Бұл еліміздің жоғары инвестициялық тартымдылығын, берік іскерлік бай-

Мәскеу сапары:

Достық пен өзара сенімге негізделген диалог

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путиннің шақыруымен Мәскеуге мемлекеттік сапармен барды. Внуково-2 әуежайында мәртебелі мейманның келуіне орай Мәскеу гарнизонының құрмет қаруылы мен әскери үрмелі оркестрі сап түзеді. Президентті Ресей Федерациясы Үкіметі Төрағасының бірінші орынбасары Денис Мантуров пен басқа да ресми тұлғалар қарсы алды. Екі елдің мемлекеттік әнұрандары шырқалды.

Студенттердің қазақ тілін үйренуге ынтасы зор

Президент осы сапарында Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының студенттерімен әңгімелесті.

Студенттер Мемлекет басшысына қазақша тіл қатты. Олар Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың кітаптарында көрініс тапқан дипломатия мен ашықтық қағидалары Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтында үлгі ретінде оқытылатынын жеткізді.

Сонымен қатар жастар Абай Құнанбайұлы шығармашылығына зор қызығушылықпен қарайтынын айтты.

– Ақынның «Адамзаттың

бәрін сүй, бауырым деп» деген достық туралы ой орамдары өте ерекше. Ресей мен Қазақстан – мәңгілік достықтың қос қанаты деп есептейміз. Екі елді, екі халықты риясыз, шынайы достық қарым-қатынас байланыстырады, – деді жастар.

Мемлекет басшысы студенттердің қазақ тілін үйренуге деген ынтасына жоғары баға беріп, оларға сәттілік тіледі.

– Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты–өте беделді жоғары оқу орны. Бүкіл әлемге танымал. Қазақстан бүгінде дербес мемлекет. Менің ойымша, Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтында алған білімдеріңіз болашақта мол пайдасын тигізеді. Өйткені түрлі елдер туралы, оның ішінде Ресейдің бұрыннан келе жатқан одақтасы Қазақстан жайында көп мағлұмат білу сіздерге кейін жұмысқа орналасуға, сондай-ақ әлемде және өңірлік деңгейде бәсекеге қабілетті маман болуға көмектеседі,–деді Президент.

Қазақстан мен Ресей Президенттері бейресми кездесу өткізді

Мемлекет басшысы Ресей Президентіне ерекше сый-құрметі үшін ризашылығын

күш-жігері арқасында оң шешімін табады. Сіздің шақыруыңызды зор ықыласпен қабыл алдым. Расында, бүгін бейресми жағдайда пікір алмасамыз. Менің Өзіңізбен талқылағым келетін біраз пікір-пайымым бар,–деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ал Владимир Путин Қазақстан Президентімен жүздескеніне қуанышты екенін жеткізді.

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, ең алдымен, Сізге уақыт тауып, келіскеніміздей, мемлекеттік сапармен келгеніңіз үшін алғыс айтамын. Бұған шын жүректен қуаныштымын. Әрине, біз ұдайы байланыстамыз. Алайда мемлекетаралық қатынастарда мұндай протоколдық дүниелер де маңызды. Бүгін бейресми жағдайда кездесіп, барлық өзекті мәселе бойынша әңгімелесеміз. Ал ертең әріптестермен бірге екіжақты қарым-қатынастың күн тәртібін қарастырамыз және келешегі зор бағыттарға назар аударамыз. Жалпы алғанда, біз осы жылды өте жақсы нәтижелермен аяқтаймыз, сондай-ақ таяу келешекке арналған жоспарды орындаймыз деп ойлаймын, – деді Ресей Президенті.



ланыстар мен мемлекеттер арасындағы өзара сенімді көрсетеді.

«Қазақстан мен Ресейдің өнеркәсіптік кооперациясының негізін жалпы инвестиция көлемі 50 миллиард АҚШ долларынан асатын 170-тен астам бірлескен жоба құрайды. «Сибур», «Газпром», «Лукойл», «ЕвроХим» сияқты ірі ресейлік компаниялардың қатысуымен елімізде полиэтилен, бутадиең, минералдық тыңайтқыштар және басқа да жоғары технологиялық өнім өндіретін зауыттар салынып жатыр. «Татнефть» компаниясымен бірлесіп автокөлік шиналарының өндірісі жолға қойылған, ал «КАМАЗ»-бен жүк көліктеріне арналған бөлшектер шығарылады.

Жалпы алғанда, Қазақстанда ресейлік капиталдың қатысуымен 20 мыңнан астам компания табысты жұмыс істеп келеді. Бұл жай ғана сан емес – бұл өзара тиімді серіктестіктің нақты нәтижесі. Соның арқасында жаңа өндірістер ашылып, ондаған мың жұмыс орны құрылып, озық технологиялар трансфері жүзеге асып, өңірлер мен халықтар арасындағы байланыстар нығайып келеді», дейді Қ.Тоқаев.

Сонымен қатар Президент екі ел ынтымақтастығында энергетика саласы ерекше орын алатынын атап өтті.

«Бірлескен күш-жігер арқылы біз ресейлік энергия ресурстарын Қытай мен Орталық Азия елдеріне үздіксіз транзиттеуді қамтамасыз етіп отырмыз. Сондай-ақ ірі энергетикалық нысандарды салу және жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл бағыттағы негізгі жобалардың бірі – «Росатом» жетекшілік ететін халықаралық консорциумның қатысуымен Қазақстанда алғашқы атом электр станциясын салу болмақ», дейді ел Президенті.

«Созақ үні»-ақпарат.

Баспасөз-2026

Баспасөзге жазылыңыздар!

Құрметті басылымға жазылушылар! Ауданымыздың төл басылымы «Созақ үні» газетіне 2026 жылдың I-ші жарты жылдығына жазылу мерзімі басталды.

«Созақ үні» газетіне жазылу үшін:

«Ернұр-пресс» мекемесі арқылы-алты айға 3612 теңге.

«Қазпошта» мекемесі арқылы алты айға-жеке азаматтар үшін-3972 теңге 36 тиын, мекемелер үшін-5172 теңге 36 тиын.

Редакцияға келіп тікелей жазылушылар үшін, алты айға-3000 теңге.

«Созақ үні» газеті редакциясы.

Ішкі істер саласы ардагерлеріне құрмет



Өткен жылы 25 қыркүйекте «Ішкі істер органдары мен Ұлттық ұлан ардагерлерінің қазақстандық ұйымы» Қоғамдық бірлестігінің кезекті ХІ-ші есеп беру-сайлау конференциясының №234 қаулысымен 10 қараша - Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары мен ұлттық ұланы ардагерлерінің күні

болып жарияланған еді.

Бұл күнді жариялаудың мақсаты-қазақстандық қоғамда ішкі істер органдарына оң көзқарас қалыптастыру, ардагерлерді ұлықтау, қызмет тәжірибесін насихаттау, патриоттық тәрбие мен ішкі істер және ұлттық ұлан қызметкерлерінің рухани-адамгершілік құндылықта-

рын дамыту болып табылады. Осы мерекелік шараға орай аудандық полиция бөлімінің мәжіліс залында 10 қараша – Ішкі істер органдары ардагерлерінің күні мерекесіне арналған шара өтті. Шараға аудан әкімінің орынбасары Серік Маманов, «AMANAT» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Талғат Сейдахметұлы, сондай-ақ ішкі істер саласының ардагерлері мен бөлім қызметкерлері қатысты. Жиында сөз алған аудан әкімінің орынбасары Серік Маманов ардагерлерді кәсіби мерекелерімен құттықтады. Құқық қорғау саласында абыройлы қызмет етіп, қоғам тыныштығы мен ел игілігі жолында сіңірген еңбектері үшін алғыс білдірді.

«Ішкі істер саласының ардагерлері – ел тыныштығы мен қоғамдық тәртіпті сақтау жолында зор еңбек сіңірген абзал жандар. Сіздердің өмірлік тәжірибелеріңіз бен өнегелеріңіз жас қызметкерлер үшін үлкен мектеп, – деді өз құттықтауында аудан әкімінің орынбасары. Жиын барысында бірқатар сала ардагерлеріне аудан әкімінің, аудандық мәслихат аппаратының және «AMANAT» партиясы аудандық филиалының, облыстық полиция департаменті мен аудандық полиция бөлімінің алғыс хаттары табыс етілді. Жиын сала ардагерлерінің ізгі тілектеріне ұласып, естеліктерімен бөлісті.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.



Қайырлы іс, сауапты шара көпке өнеге

Созақ аудандық ішкі істері бөлімі ардагерлер ұйымы бірнеше жылдан бері өз орталарынан қор ашып, қорға түскен азын аулақ қаржыларын аудан көлеміндегі жағдайы төмен отбасыларына наурыз мерекелері, құрбан айт діни шараларында садақа ретінде таратуды әдетке айналдырып келеді. Сәрсенбінің сәтті күні ішкі істер бөлімі

нысып, азық түлік жағынан көмек көрсетіп аралап шықты.

«Негізінде бұл дәстүрді бастағанымызға төрт-бес жылдың жүзі болды. Ардагерлер болып ақылдасып, кеңесіп, ең жақсы іс дегеніміз сауапты іс екенін ұғып, осы игі бастаманы жалғастырып келеміз, – дейді ұйым төрағасы Саттар Мұратұлы.



ардагерлер ұйымы мүшелерінің атынан, яғни барлық ардагерлер атынан осы ұйымның төрағасы Саттар Түбекбаев, мүшелері Сейітжаппар Игіліков, Оразғали Қадірсізов, Әбді Өндімбаев, Шолаққорған ауыл әкімінің бас маманы Сәуленбек Адырбековтер Шолаққорған ауылында тұратын жағдайы төмен төрт отбасының шаңырақтарында болып, жан-жақ мүшелерінің жағдайларымен та-

расында сауапты, қайырлы істер адам баласын түрлі бөле-жалалардан сақтайды деген пайғамбарымыздың хадисі де бар емес пе? Сондықтан мейірімділіктің көзі, игіліктің өзі, жақсылықтың бастауы, түрлі ауыр жағдайлардан алдын алып сақтаушы садақа мен сауапты істерге жақын болайық!

М.ҚАРҒАБАЙ.



Сақтансаң сақтаймын деген

«Созақ аудандық төтенше жағдайлар бөлімі» және «Созақ аудандық газ инспекциясы» КММ-нің мамандары бірлесіп, Таукент кентінде орналасқан екі қабаттан асатын көп пәтерлі тұрғын үйлерде тұрмыстық баллондарда сұйытылған мұнай газын сақтауға немесе пайдалануға тыйым салынуы туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Газ жабдықтарын пайдалану кезіндегі өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау әрбір азаматтың міндеті. Газ жабдықтарын пайдалану арзан әрі ыңғайлы. Алайда, газды пайдалану қауіпсіздіктен алыс және арнайы ережелерді қатаң сақтауды талап етеді. Газ құрылғыларын абайсызда пайдалану ауыр зардаптарға әкеп соқтыратын өрттер мен жарылыстарға әкелуі мүмкін.

Қиындықты болдырмау үшін өрт қауіпсіздігінің негізгі шараларын сақтау қажет:

- газ құрылғыларын монтаждау мен жөндеуді тек мамандар жүргізуі керек;
- жас балалардың газ плитасына қол жетімділігін болдырмау;
- түнде немесе үйден шыққан кезде газбен жабдықтау клапанын жабыңыз;
- киімді газдың үстінен кептірмеңіз;
- газ жабдықтары орнатылған бөлмені мезгіл-мезгіл

желдетіп отырыңыздар.

Газдың шығуын анықтау әдістері:

Құлақ арқылы: қатты ағып кеткен жағдайда газ ысқырықпен шығады.

Иісі бойынша байқасаңыздар газдың өзіне тән иісі ағып жатқан жердің жанында күшейе түседі.

Есіңізде болсын: егер пәтерде газ табылса, ешқандай жағдайда электр шамдары мен электр құрылғыларын қоспаңыздар және сөндірмеңіздер, ашық отты пайдаланбаңыздар. Сізге газ құбырының шүмектерін жауып, «112» телефоны бойынша жедел көмек қызметіне қоңырау шалып, отбасы мүшелері мен көршілерін таза ауаға эвакуациялау қажет!

Сондай-ақ мекеме қызметкерлері Шолаққорған ауылының Әмзе Әшірбеков, Аман Мырзалиев, Сапарбек Еспенбетов, Жаппас Қаламбаев, Жеңіс Қарғабаев атындағы көше тұрғындарына газ баллон пайдалану ережелерін түсіндіріп зерделеу жұмыстарын жүргізді. Алдағы уақытта да көше тұрғындарына түсіндіру жұмыстары тұрақты жалғасатын болады.

Дәулет ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,
«Созақ аудандық газ инспекциясы» КММ-нің директоры.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына қоғамдық бақылау жүргізілді

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің бастамасымен Созақ ауданы әкімі аппаратының өтініштердің қарауын бақылау және құжаттандырумен қамтамасыз ету бөлімшесінің бас инспекторы С.Қарабаев, Созақ аудандық «Демеу» мугедектер қоғамдық бірлестігінің төрайымы, аудандық қоғамдық кеңестің мүшесі Б.Смахова Созақ ауданы бойынша мансап орталығы филиалында көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру мақсатында қоғамдық бақылау жұмысы жүргізілді.

Бақылау барысында филиал орталығы тарапынан ұсынылатын мемлекеттік

қызметтердің жағдайымен танысып, қызмет алушыларға арналған қабылдаудың сапалы ұйымдастырылуы, өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы және бақылау барысында көрсетілетін қызметтердің қол жетімділігі, анық ақпараттың болуы, ғимараттың дабыл батырмаларының іске жарамдылығы және мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолайлы жағдайлардың болуы сынды т.б. мәселелері қаралды. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің тиісті деңгейінде ұйымдастырылуы бойынша ұсынымдар берілді.

Аудан әкімдігінің баспасөз қызметі.

Сырлы Сызған, қоңырқай тірлікті Қозмолдақ

«Созақ үні» газеті жылдың басында бекітілген медиажоспарға сай аудан көлеміндегі ауылдық, кенттік әкімдіктердің атқарған жұмыстары туралы ауыл әкімдерінің жіберген ақпараттарын негізге ала отырып, кезең кезеңімен газет бетінде кезегімен мақалалар жариялап отырады. Осы орайда Сызған ауылдық округі әкімі қызметіне тағайындалғанына аз ғана уақыт болған Базар Жаппарқұлов басшылық ететін ауылдық округтің жұмыстарымен танысып шықты. Атқарған жұмыстары да баршылық, ал атқаратындары одан да көп екені рас. Басты мәселе сол ауылда тұрып жатқан ауыл тұрғындарының әлеуметтік тұрмыс тіршілігінің оңды болуы. Сызған ауылдық округі бойынша 2025 жылдың тоғыз айында атқарылған негізгі жұмыстар мен алда атқарылатын жұмыстарды ауыл әкімі төмендегіше саралап берді.

2025 жылға қаралған жылдық жоспар 327 574 000 теңге. Оның тоғыз айдың қорытындысымен, жалпы бюджет бойынша қаржының игерілуіне келетін болсақ, бюджет бойынша кіріс 309 706 000 теңгені құрап тиісті мақсаттарға игерілді. Кірістер бөлігінде жоспар—327 574 000 теңге болса, орындалуы—330 220 000 теңге болып, 102 пайызға орындалған немесе 2 646 000 теңгеге артық орындалған. Бюджет қаражаттарының бос қалдықтары—7393 000 теңге. Ауылдық округ бойынша халық саны 1 қаңтардағы мәлімет бойынша 4232 адам тіркелген. Оның 2023 әйелдер, 2209 ерлер. Экономикалық тұрғыдан белсенді халық 1 625. Оның ішінде: жалдамалы қызметкер—491, өздігінше жұмыспен қамтылғандар—503, ресми жұмыссыз—37, жұмыс күші құрамына кірмейтін тұлғалар—1090.

Ауылдық округ бойынша бес жүз жетпіс төрт тұрғын үй, онда бес жүз жетпіс жеті отбасы бар, төрт жалғыз басты қария, бір жүз отыз сегіз мүмкіндігі шектеулі азаматтар, жетпіс төрт «Алтын алқа», бір жүз сегіз «Күміс алқа» иегерлері, екі ауған соғысына қатысушы ардагер, үш тәжік ауған соғыс ардагері, он бір тыл еңбеккерлері бар.

«Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын» іске асыруда жиырма жұмыссыз ақылы қоғамдық жұмысқа, 35 жасқа дейінгі он бір жас жастар практикасымен уақытша жұмыспен қамтылғанын тілге тиек етті.

Расында ауылдық округте атаулы әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі комиссия құрылған. 2025 жылдың екіншіжартыжылдығы бойынша екі отбасынан атаулы әлеуметтік көмек тағайындау жөнінде өтініш комиссияда қаралып, екі отбасына оң қорытынды беріліп, атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған. Жыл басынан қазіргі таңға дейін жалпы екі аз қамтамасыз етілген отбасыға 1 167 345 теңге көлемінде атаулы әлеуметтік көмек берілген. Мереке-лік шараларда да жұрт қатарлы қабылдаулар өткізіп,

8 наурыз- «Халықаралық әйелдер күні» мерекесіне орай сексен жастан отыз анаға, үш жалғызбасты анаға, сегіз кәсіпкер анаға, сегіз әр түрлі салада қызмет етіп жүрген анаға, барлығы қырық тоғыз анаға демеушілер есебінен 143 000 теңгенің сыйлығы табысталыпты.

9 мамыр- Ұлы Жеңіс күніне орай демеушілер есебінен ҰОС ардагеріне 45 000 теңгенің заттай сыйлығы беріліпті.

22 наурыз- Ұлыстың ұлы күні мерекесіне орай спорттық іс-шаралар ұйымдастырылып, 400 000 теңгенің қайырымдылық дастарханы жай-



ылған.

1 маусым- балалар күніне орай жастар арасында жүгіруден жарыс өткізіліп, демеушілер есебінен 1 – орынға үш велосипед (55 000 теңгеден 165 000 т), 2 – орынға үш ұялы телефон (40 000 теңгеден 120 000 т), 3 – орынға үш дана домбыра (25 000 теңгеден 75 000 т) және ауылдық балабақшаларға 500 000 теңгенің ойыншықтары үлестірілген екен.

16 тамыз- Созақ ауданы жастары күніне орай демеушілер есебінен 380 000 теңгеге белсенді ауыл жастарын марапаттап, мерекелік іс-шара өткізілді. Осыған орай ауыл жастарының арасында кіші футболдан жарыс өткізілді, жүлделі орындар 250 000 теңгенің көлемінде марапатталыпты.

1 қазан- қарттар күніне орай демеушілер есебінен жиырма бес қарияны Түркістан қаласына бір күндік демалысқа апарып, қыдыртып қайтқанын әлеуметтік желіден де көрген болатынбыз.

«Мектепке жол!» акциясына қатысып демеушілер есебінен он төрт балаға мектеп формалары мен спорттық киім, мектеп кейсі табысталған.

Сонымен қатар өзге де қайырымдылық шаралары жүйелі ұйымдастырылып келеді екен.

Мемлекеттік және салалық бағдарламалардың орындалуына келсек, ауыл шаруашылығы саласы бойынша «Даму» бағдарламасына сәйкес 2025 жылғы жасалған үш жақты келісім шарт негізінде ЖШС, шаруа немесе фермер қожалықтары мен жеке кәсіпкерлерге жаңа ауыл шаруашылығы техникаларын алу бойынша түсіндіру жұмыстары тиянақты жүргізіліп жатқанын байқадық.

«Ауыл аманаты» жобасы аясында Сызған ауылдық округінен «Қайнар» ӨК және «Хақназар» шаруа қожалығы Ловол 854 маркалы тракторы алынып жұмыс істеуде екен.

Сызған ауылдық округі бойынша жиырма алты шағын кәсіпкерлік субъектілері тіркеліп, оларда тұрақты қырық сегіз адам жұмыспен қамтылған. Он бес азық-түлік дүкені, екі дәріхана, екі шайхана, екі көлік жөндеу орталығы, екі монша, бір тойхана, екі желімдеу орны, бір АЖБ жұмыс жасауда екен. «Алдағы уақытта шағын кәсіпкерлікпен айналысатын субъектілердің санын көбейтіп, халыққа қызмет көрсету жұмыстары жүргізіле береді» деп сендірді бізді ауыл әкімі.

Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жол-

дары бөлімі арқылы:

Ағымдағы жылдың сәуір айында «КХ-110» бағытындағы Сызған ауылдық округіне дейінгі 13,3 шақырым облыстық маңызы бар автомобиль жолы құрылысы басталып, автомобиль жолы мамыр айында ел игілігіне пайдалануға берілген екен.

Елді мекендердегі көше басына көше атауы бағандары, тұрғын үйлерді нөмірлеу тақтайшалары орнату жұмыстары жүргізіліпті.

Ауылдық округтің бұрылысындағы Сызған өрқақпасына түнгі жарық шам безендірулері сонымен қатар ауылдық округтің төлқұжаты диодты жарықшаммен қайта жаңаланыпты.

Қозмолдақ елді мекеніндегі футбол алаңшасын ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, пайдалануға берілген.

Қ.Тоқмұхамедов көшесіне 1,4 шақырым және Ж.Дәуітбаев көшелеріне 900 метр, барлығы 2,3 шақырым аяқ жол (тротуар) төселіп, пайдалануға берілді.

Сонымен қатар, Қайнар, Қозмолдақ, Басбұлақ елді мекендеріне де балалар ойын алаңы салынып, ел игілігіне пайдалануға берілді.

Қозмолдақ елді мекені Қ.Рүстемов көшесінен ересектерге арналған «Воркаут» алаңшасы салынып, пайдалануға берілгенін көрдік.

Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі арқылы тамыз айында Ұсақ малдарды тоғытатын алаңның құрылысы басталып, қазан айында құрылыс жұмыстары толығымен аяқталған. Бүгінгі күні ел пайдасын көруде екен. «Ауыл-ел бесігі» жобасы аясында Қайнар елді мекені Қайнар-бұлақ 4,003, Ж.Әділбеков 1,370, Б.Әметшев 2,587 шқ көшелеріне жалпы 7,9 – шақырымға асфальт жабындысын төсеу жұмыстары жүргізілді.

Қозмолдақ елді мекеніндегі Ф.Мұратбаев мектебінің алдына 2 дана жасанды жол кедергілері орнатылған.

«Таза Қазақстан» акциясы аясында және көктемгі-күзгі тазалық айларында апта сайын сенбіліктер ұйымдастырылып, ауылдағы барлық көрнекілік баннерлер жаңартылыпты. Сенбіліктерге ауыл көлеміндегі мекемелер белсенді түрде қатысып келеді екен.

Ауылға 1 дана «Беларусь-922.3» маркалы тракторы жүк салғыш, жетегімен және арнайы мотоцикл беріліп, жұмыс жасауда.

Сонымен қатар ақылы қоғамдық жұмыстағыларға бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес күнделікті белгіленген көшелерге тазалық жұмыстары тұрақты жүргізілуде.

Әктеу, сырлау және тағы да басқа жұмыстарды жүргізу үшін қажетті шаруашылық заттары алынып, Қ.Тоқмұхамедов көшесіндегі кіші футбол алаңшасына, Жастар саябағына, Орталық саябаққа, сырлау, шөптерін шабу сияқты тазалық жұмыстары ұдайы жүргізіліп келеді.

Әкімшілік ғимаратына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жылыту жүйесінің қазандығы ауыстырылған.

Қозмолдақ елді мекені кіре берісіндегі Қ.Тоқмұхамедов көшесінің басындағы аялдамаға ашық кітапхана алаңы және «Домбыра» жобасының құрылысы жүргізілген.

Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі арқылы елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру бойынша 81 425 000 теңге қаралып, оның ішінде 4,4 шақырым болатын Сызған елді мекеніндегі Мектеп, Тастан, Кәріғаш көшелері, 4,6 шақырым болатын Қайнар елді мекеніндегі «Мектеп-1», «Мектеп-2», «Қайнарбұлақ» көшелері, 3,9 болатын Басбұлақ, Қозмолдақ елді мекендеріндегі Атаусыз-1,2 көшеге жалпы ұзындығы 12,9 шақырым көшелерге жарықтандыру жұмыстары жүргізілді.

Энергия үнемдеу мақсатында көше жарықтандыру жүйелерін автоматты түрде жанатын болып, жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, жарықтандыру жүйелері тұрақты жанып келеді. Жарық шамдары жанбай тұрған бағаналарға қажетті жарық шамдар алынып, жаңадан ауыстырылған.

Жарықтандыру жүйесін күтіп ұстау, тұрақты жанып тұруын қолға алу мақсатында арнайы электрик штаты қаралып, жұмыс жасауда екен. Осы мақсатта арнайы электрлі жүк көтергіш техникасы да алынған.

Сонымен қатар, Қозмолдақ ауылындағы негізгі көшелер саналатын М.Берістемұлы, Қ.Тоқмұхамедов атындағы көшелердің жарықтандыру бағаналарына түнгі безендіру жұмыстары жүргізілді.

Ауылдық округ тұрғындарын мобильді интернетпен қамту мақсатында Қозмолдақ елді мекеніне «Актив», Сызған елді мекеніне «Билайн» мобильді операторының базалық станциясы жұмыс істеп тұр. Аудан әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі арқылы Қозмолдақ елді мекені Ж.Дәуітбаев көшесі бойынан жабық футбол алаңшасының құрылысы жүргізіліп ел игілігіне пайдалануға берілген болатын.

Сызған ауылдық округінің Қозмолдақ – Басбұлақ елді мекендері арасын жалғайтын автомобиль жолы бойындағы, Т.Төреханов көшесіндегі, сонымен қатар Сызған елді мекені Е.Алдасүгірұлы көшесі бойындағы екікөпірге, жалпы саны төрт көпірге құрылыс жұмыстары жүргізіліп пайдалануға берілді. Қазіргі таңда ауылдық округ аумағынан қатты тұрмыстың құлдықтарды тастайтын полигонның құрылыс жұмыстары жүргізілуде екен. Ауылдық округте үш жалпы орта мектеп, бір бастауыш мектеп, бір мемлекеттік бөбекжай-бақша, екі жекеменшік балабақша жұмыс жасайды. Мектептерде жалпы саны-911 оқушы білім алуда. Барлығы үш балабақшада 151 бүлдіршін, 51 қызметкер жұмыс жасайды екен. Ауыл әкімінің алдағы уақыттарда атқаратын жұмыстары мен тың жоспарлары, батыл бастамалары да баршылық екен. Ауыл әкімінің іргелі істеріне зор табыстар тілейміз!

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

“Болашақ” - білімге бастар жарқын жол

Бүгінгі таңда елдің ең үлкен байлығы – жер де, алтын да емес, білім мен біліктілік. Білім – адамды биікке көтеретін күш, ұлтты өрге сүйрейтін қуатты тетік. Сондықтанда баланың сапалы білім алуына жағдай жасау – ата-ананың, мемлекеттің де ең ұтымды инвестициясы. Болашақ – үміттің көпірі, білімнің алтын қақпасы.

Тәуелсіз Қазақстан жастарына берілген ең маңызды мүмкіндіктердің бірі – «Болашақ» халықаралық бағдарламасы. Бұл бағдарлама арқылы мыңдаған жас әлемнің үздік университеттерінде білім алып, елге жаңа көзқарас, тың тәжірибе және жаңаша ойлау мәдениетін ала келді. Олар – ел дамуының қозғаушы күші, жаңашылдықтың жаршысы.

«Болашақ» – жай ғана грант емес, бұл – ел мен жеке тұлғаның тағдырын



өзгертетін мүмкіндік. Бағдарлама түлегі – ертеңгі Қазақстанның кәсіби тірегі. Бірі – ғылымға ден қойып, жаңалық ашса, бірі – экономика мен бизнессала-сында табысқа жетіп, елдің өркендеуіне үлес қосуда. Олардың білім мен тәжірибесі – тәуелсіз еліміздің келешек көпірі. Шетелде оқу – оңай жол емес. Бірақ ол – үлкен мектеп. Бұл жолда шәкірт ата-анасының сенімін арқалап, елінің намысын жүктейді. Ата-ананың сенімі – баланың қанаты. Сол сенім мен мейірім баланы биік мақсаттарға жетелейді, нағыз азамат болып қалыптасуына жол ашады.

Шетелден оралған жас мамандар бүгінде елдің түрлі саласында жемісті еңбек етіп жүр. Олар – жаңа буын ғұламдары, дәрігерлері, инженерлері, ғалымдары, кәсіпкерлері. Болашақ бағдарламасының түлектері инновациялық ойлаудың, заманауи тәжірибенің жарқын үлгісін көрсетіп келеді. Олардың әрқайсысы туған жерінің дамуына үлес қосып, Қазақстанның атын әлемге танытып жүр. Міне, бұл – әрбір ата-ананың баласын шетелде оқуға ынталандыруының басты себебі. Өйткені білімді ұрпақ – елдің ең мықты тірегі, болашақтың алтын арқауы. Бүгінгі бала – ертеңгі көшбасшы. Егер баланың көзі ашық, арманы биік болса – ол елдің де болашағын биіктетеді. Сондықтан баланың білім алуына жұмсалған әрбір теңге – ең сәтті инвестиция. Бұл – ата-ананың махаббаты мен сенімінің, ұлттың үміті мен жауапкершілігінің белгісі.

“Болашақ” – ел ертеңін жарқын ететін бағдарлама. Ол – Қазақстанның интеллектуалды капиталының іргетасы, білім мен ғылым арқылы өркениетке бастар жол. Сондықтан әр ата-ана баласының арманына қанат бітіріп, сапалы білім алуға мүмкіндік жасаса – ол тек өз ұрпағының емес, күллі елдің болашағына салынған үлес болмақ.

**Гүлжан ӘБДІРАХМАНОВА,
Ы.Алтынсарин атындағы жалпы
орта мектебінің кәсіби бағдар
беруші маманы.**

Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы бойынша «Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру» жобасын «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі жүзеге асырды.

Алдымен «Мыңжылқы» мәдениет сарайының фойесінде аталған жоба аясында «Бақытты болашақ үшін!» аудандық сурет байқауы ұйымдастырылды. Оған ауданымыздың 18 мектебінен 20 оқушы қатысты. Биыл да дәстүр бойынша қоғамға ой салатын жақсы туындыларды оқушылар қыл қалам арқылы қағаз бетіне



Қуатты мемлекетті адал азаматтар қалыптастырады

түсірді. Арнайы бекітілген әділ қазылар алқасы суреттердің тақырыпқа сәйкестігі, шығармашылық ойы, орындау техникасындағы шеберлігі, композициясы, туындының эстетикалығы тұрғысында нәтижесін жоғары бағала-

ды. Сурет байқауының қортындысы бойынша А.Байтұрсынұлы атындағы жалпы орта мектебінің оқушысы Аманғазы Көркем, С.Әліұлы атындағы жалпы орта мектебінің оқушысы Наурызбай Тоған, Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мек-

тебінің оқушысы Қуаныш Айқын ынталандыру сыйлығымен марапатталды. Жамбыл атындағы жалпы орта мектебінің оқушысы Абдалихан Сания 3 орынды қанағат тұтты. 2 орынмен «Науайы» атындағы жалпы орта мектебінің оқушысы Асылхан Жас-

нұрға бұйырды.

1 орынмен Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебінің оқушысы Анарбай Асылсұлтан қанжығасына байлады. Байқау жеңімпаздарына Диплом, Алғыс хат сонымен бірге сертификаттар табысталды.

Адалдық – адамдықтың белгісі

Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы бойынша «Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру» жобасын «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі жүзеге асырды.

Жоба аясында «Адалдық – адамдықтың белгісі!» атты жас мемлекеттік қызметшілер арасында Ұлы тұлғалардың адалдық, парасаттылық өлеңдер мен қара сөздерін оқудан аудандық байқау өткізілді. Дәл осындай байқауды жас мемлекеттік қызметшілер арасында өткізудің мәні зор. Себебі, қоғам елге адал қызмет еткенге қарап бой түзейді. Әр ауыл округтен келген үміткерлер Ұлы Абайдың, Шәкәрім Құдайбердіұлының, Бауыржан Момышұлының адалдық, парасаттылық туралы өлеңдерін жатқа айтудан жарысты. Байқау қортындысы бойынша Қызылжар кенті әкімшілігінен келген Пернебай Сырым, Жартытөбе ауыл әкімшілігінен келген мемлекеттік қызметкер Сыздық Ақжол, Шолаққорған ауыл округі әкімі аппаратының атынан қатысқан

үміткер Қыпшақбай Мирас ынталандыру сыйлығымен марапатталды. Үшінші орынмен Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы Нұрлы Жасұланұлы марапатталды. Екінші орынмен Созақ

ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімінің маманы Мағжан Бәйділдіұлы марапатталды. Тау-кент кенті әкімі аппаратының маманы Айдана Еркінқызы бірінші орынды жеңіп алды. Байқауға қатысқан барлық үміткерлерге диплом, Алғыс хат және кітаптар табысталды.



Менің таңдауым – адалдық



Жоба аясында өткен «Менің таңдауым – адалдық» мектеп оқушылар арасында ДЕБАТ өте жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Оған Шолаққорған ауылындағы мектеп оқушыларынан құралған 6 коман-

да қатысты. Арнайы берілген қарар бойынша оқушылар өз ойларын ортаға салды. Дебат қортындысы бойынша 1-орын Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектеп оқушыларынан құралған “Эрудит” коман-

дасына бұйырды. 2-орын Н.Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінің оқушыларынан құралған “ІМВА” командасы еншіледі. 3-орын Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектеп оқушыларынан құралған “Асыл

сөз” командасы алды. А.Байтұрсынұлы мектебінен келген «Эверест» тобы, А.Сүлейменов мектебінен келген «Жебе» тобы ынталандыру сыйлығымен марапатталса, Н.Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінің оқушысы Амангелді Төлеген «Үздік ойыншы» деп танылды. Жүлделі орын алған командалар ұйымдастырушылар тарапынан сертификат және диплом, Алғыс хаттарға ие болды. Келешегіміз кемелді, болашағымыз баянды болсын.

**Жандар
БЕКБЕРГЕНҰЛЫ,
«Созақ жастары»
қоғамдық бірлестігінің
төрағасы.**

Теріскейлік түйекештер дүбірлі той өткізді

Қарашаның 8-і күні қазақ хандығының тұңғыш астанасы, ауданымыздың алғашқы орталығы-көне Созақ қалашығында дүйім жұртты қуанышқа бөлеген ерекше той өтті. Бұл жолғы думан-түйекештер мерекесі! Аудан бойынша 213 түйекеш бас қосып, кеңес құрды. «Атадан мирас болып келе жатқан түйе шаруашылығын дамытып, келер ұрпаққа насихаттау, сонымен бірге өмірден

гелік атан түйе. II орынды да сол Ақтаудан келген, «Өнер қырандары» театрының өкілі Мадияр мырза иеленді, шабандозы-Мөлдір есімді қыз. Жүлдесі-1 тайлақ және 50 мың теңге. III жүлделі орынды Түркістаннан келген Қайрат Азамат есімді азамат «Иассы» түйесімен жеңіп алды. IV орынды Жамбыл облысы, Жайылма ауылынан Оспанов Мұрат есімді азамат «Желмая» атты түйесімен ие-

жүлдесі 1 тайлақ, 50 мың теңге. III орынды-шолаққорғандық Жексенбі Нұркелдінің құнаны иеленді. Шабандозы Нұрислам, жүлдесі 1 тай. IV орынды Андасов Тұрсынбайдың «Талхис» атты құнаны иеленді. Шабандозы Мейір, жүлдесі 100 мың теңге. V орынды Қаратаудан Қалдыбаев Жұмабектің құнаны иеленді. Шабандозы Арсен, жүлдесі 50 мың теңге.

Аламан бәйгеде Бас бәйге I



өткен түйешілерді еске алып, ас беру-парызымыз» деген ұстаныммен бұл басқосуды ұйымдастырған екен. Игі істің ұйытқысы болған «Созақбай» және «Айбар» шаруа қожалықтарының жетекшілері, ел ағалары Қазақбай Жұмеков пен Бейсенбай Наурызбайұлы. Олардың айтуынша, түйекештер бірнеше жылдан бері өзара байланысып, ортақ чат құрып, жылына бір мәрте бас қосып келеді. Мұндағы мақсат-түйе шаруашылығын заман талабына сай дамыту, тәжірибе алмасу және малшы қауымының түйткілді мәселелерін бірлесе шешу. Былтырғы кездесуде түйекештер ортақ шешімге келіп: «Ата-баба кәсібін ұлықтайық, елге сауын айтып, түйе және ат бәйгесін өткізейік!»-деп уағдаласқан еді. Міне, сол уәделер орындалып, көптен күткен дүбірлі тойдың сәті осы қарашаның 8-іне, сенбі күніне дөп келді.

Алдымен Созақ ауылының орталық мешітінде аруақтарға арналып ас берілді. Ас үстінде өткен дәуір түйекештерін еске алып, естеліктер мен ақ тілекке толы әңгімелер айтылды. 96 жастағы ақсақалдар Сұлтан ата мен Бейімбет Байғараев батасын беріп, бәйге мен тойдың шымылдығын түрді. Батадан соң Созақ ауылының атшабарында түйе мен ат жарысы басталды. Бұл дүбірге Түркістан, Жамбыл, Қызылорда және Алматы облыстарынан да жүйріктер келді. Әсіресе түйе бәйгесіне қатысушылардың көптігі-бұл істің ұмыт қалмағанының дәлелі болды. Ал ат бәйгесі тек Созақ ауданы жүйріктері арасында өтті.

Бәйге қорытындысы Түйе бәйгеде I орынды Алматы облысынан келген Ғабит Мұсабеков иеленді, шабандозы Аружан есімді қызымыз. Жүлдесі-құны 600 мың тең-

генді. Шабандозы Бездат есімді бала. Жүлдесі 1 тай. V орынға шолаққорғандық Ұлықсатов Барын «Дегелек» атты түйесімен табан тіреді. Шабандозы Дарын есімді бала, ал, жүлдесі 100 мың теңге.

Тай бәйгеде I орынды-шолаққорғандық Нұрбол Ақенов «Еркедай» атты тайымен иеленді. Шабандозы Мырзаш есімді азамат, жүлдесі 1 түйе, 50 мың теңге. II орынды да-

орынды шолаққорғандық Нұрбол Ақеновтың «Шыңғысхан» есімді тұлпары. Шабандозы Нұрсұлтан, жүлдесі 1 түйе және 1 тайлақ. II орынды созақтық Сарыбаев Сәбиттің «Самұрық» атты сәйгүлігі иеленді. Шабандозы Асылхан, жүлдесі 1 тайлақ 100 мың теңге. III орынды созақтық Жұманазаров Ыдырыстың «Көкдауыл» атты тұлпары иеленді. Шабандозы Нұрислам, жүлдесі 1 тайлақ. IV



Нұрбол Айдарұлы «Жұмыртқаяқ» атты тайымен иеленді. Шабандозы нұртас, жүлдесі 1 тайлақ. III орынды Өтепов Ақынқожаның «Желқара» атты тайы иеленді. Шабандозы Нұрислам, жүлдесі 1 тай.

IV орынды-Досаев Бақыттың «Техас» атты тайы иеленді. Шабандозы Абылай, жүлдесі 100 мың теңге. V орынға-Нұрашев Батырбайдың «Боран» атты тайы табан тіреді.

Құнан бәйгеде I орынды-Жұманазаров Ыдырыстың «Ақмаңдай» атты құнаны иеленді. Шабандозы Алинұр, жүлдесі 1 түйе, 100 мың теңге. II орынды-Ақенов Нұрболдың «Қаракөз» атты құнаны иеленді. Шабандозы Мырзаш,

• Дін-діңгек

Әлемде діни радикализм мен экстремизм мәселесі күн өткен сайын өзектілігін арттырып келеді. Бұл құбылыстың негізінде тек діни түсініктің бұрмалануы ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік, психологиялық және мәдени факторлардың тоғысуы жатыр. Радикалданған тұлғалар көбіне өздерін шынайы дінді ұстанушы деп есептеп, қоғаммен, отбасымен, тіпті мемлекеттің діни институттарымен де қарсы пікірде болады. Осындай

логиялық және әлеуметтік қолдауды қажет ететін процесс. Олардың радикалды көзқарастарын өзгертіп, бейбіт қоғамға бейімдеу үшін бірнеше бағытта жұмыс жүргізіледі.

Олармен жұмыс жасауда теологтардың рөлі ерекше маңызды. Олар тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар рухани жетекші, тыңдаушы, кеңесші және сенімді тұлға ретінде әрекет етеді. Теологтар мен діни ғалымдар

Радикалданған тұлғаның психологиялық ерекшеліктері

адамдармен жұмыс жасау-аса күрделі әрі нәзік процесс. Бұл істе теолог маманның орны ерекше. Теолог-тек білім беруші емес, сондай-ақ рухани қолдаушы, бағыт көрсетуші және сенімді сұхбаттасушы. Сондықтан радикалданған тұлғалармен жұмыс жүргізудегі теологтың рөлін, әдіс-тәсілдерін жүйелі түрде зерттеп, нақты практикалық нұсқаулық әзірлеу-қазіргі қоғамның маңызды сұраныстарының бірі.

Мұндай тұлғалар әлемді «ақ» және «қара», «дұрыс» және «қате» деп қабылдайды. Орта жолды немесе балама көзқарастарды мойындамайды.

Әлеуметтік әділетсіздікке, моральдық құндылықтардың жоғалуына төзімсіздік танытып, оны түзетудің жалғыз жолы ретінде радикалды әрекеттерді көреді. сол себепті жеке өміріндегі сәтсіздіктерді немесе қоғамдағы мәселелерді өз бетімен шеше алмау-адамды сыртқы күшке немесе топқа сенуге итермелейді. Мемлекетке, билікке, БАҚ-қа және дәстүрлі дін өкілдеріне сенбейді.

Радикалданған тұлғаның психологиялық ерекшеліктері мен өзгешеліктері көбінесе оның ойлау жүйесі, эмоциялық жағдайы, мінез-құлқы және әлеуметтік қатынастарында көрініс табады. Төменде радикалданған адамнан жиі байқалатын психологиялық сипаттамалар берілген:

- Ашушаң, агрессивті, күйзеліске бейім болуы;
- Қоғамдық нормалар мен моральдық ережелерді жоққа шығаруы;
- Қарсы пікірді тыңдамайды, қабылдамайды, ақпаратты тек біржақты қабылдайды;
- Қоғамнан алыстап, бұрынғы достарымен араласудан бас тартады, «өз тобындағы» адамдармен ғана байланыс орнатады.

Бұл сипаттардан байқайтынмыз, радикалданған тұлғаның эмоционалдық әлемі көбіне тұрақсыз, өткір және терең сезімдермен сипатталады. Эмоциялар оның мінез-құлқы мен қабылдауына тікелей әсер етеді. Ол көбіне қоғамға, билікке, тіпті өз ортасына да ішкі ашуын ұстап жүреді. Бұл ашу жинақталып, бір сәтте агрессия түрінде сыртқа шығуы мүмкін. Оның агрессиясы нақты бір адамға емес, жүйеге, өмірге деген наразылықтың көрінісі болуы ықтимал.

Радикалданған тұлғалармен оңалту (реабилитация) жұмыстары-бұл терең әрі жүйелі психологиялық, идео-

радикалды діни түсініктерге түзету енгізеді. Олар Құран мен сүннетке сүйене отырып, қате түсініктерді әшкере-лейді.

Теологтың жеке дара атқаратын жұмыстары төмендегідей:

- Ашық, сабырлы, еш айыптаусыз, диалог арқылы сенімге кіріп, адамның ішкі дүниесін зерттейді;
- Тек «үкім» бермей, түсінісу мен жүрекке жол табу маңызды;
- Дін мен адамның арасындағы рухани байланысты қалпына келтіреді;
- Құндылықтарды қайтадан қалыптастыруға ықпал етеді (сабыр, мейірім, кешірім, әділет);
- Қазақтың діни-рухани мұраларын таныстырып, өз болмысын тануға жол ашады;
- Дін негіздерін, мазахаб ұстанымын, ислам тарихын, шариғат қағидаларын қадамдап үйретеді.

Радикалданған тұлғалармен жұмыс-тек діни не психологиялық мәселе емес, кешенді әлеуметтік құбылыс. Сондықтан, қосымша мынадай кеңейтілген ұсыныстарды назарға алған жөн:

- Теологтардың өздерінің үздіксіз дамуы;
- Діни сауаттылықпен қатар, сыни ойлау, дін мен дәстүр ара-қатынасы, интернеттегі дін мәселелері тақырыптарын қамтуы керек;
- Ата-аналармен де түсіндірме жұмыстарын жүргізу өте маңызды (жастарды қалай түсінуге болады, белгілерін қалай байқау керек);
- Тұрақты кездесулер, байланыс орнату, бақылау жүргізу;
- Сенімге негізделген қатынас орнату (доверительный подход);
- Жекелендірілген жұмыс (индивидуальный подход);
- Іс-әрекет арқылы үлгі болу, теолог өзі де сабырлы, әділ, кеңпейіл, парасатты болуға тиіс.

Жеке оңалтудан бөлек, теологтар мектептерде, ЖОО-ларда, мешітте алдын алу лекцияларын, семинарларын жүргізіп отырады.

Қорытындылай келе, радикалданған тұлғамен жұмыс-бұл тек діни білім беру ғана емес, рухани, психологиялық және әлеуметтік қолдауды қажет ететін кешенді жұмыс. Бұл жұмысты барлық қоғам болып бірлесе жұмыла атқару маңызды.

Г.БЕКЖАН,
Түркістан облысы дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ теолог маманы.

Данияр БЕК.

Теріскей елінің тыныштығын күзеткендер

(Жалғасы. Басы өткен сандарда).

Запастағы полиция капитаны Балтабаев Смайыл 1950 жылы 05 қаңтар күні Созақ ауылында көп балалы отбасыда дүниеге келген. Отбасында 10 баланың екіншісі. Қарапайым отба-



сында тәрбиеленіп Созақ ауылында мектепті тәмамдап, әскерге барып әскери борышын өтеп келіп, Ташкент қаласына А.Низами педагогикалық институтының «Тарих» мамандығы бойынша тәмамдаған соң ең алғашқы еңбек жолын Қайнар ауылында ұстаздық қызметпен бастаған. 1975 жылы отбасын құрып Шымкент қаласында №31 еңбекпен түзету колониясында аға инспектор болып еңбек жолын жалғастырды. 1984 жылы Ішкі істер мекемесіне аға лейтенант шенімен аға учаскелік инспектор қызметіне өзінің туған ауылына жалғастыру үшін оралды. Аға лейтенант шенінен капитан, одан майор шеніне дейін еліне өткен адал еңбегінің арқасында көтерілді. 2- ұл, 6 қыз тәрбиелеп, оларға жоғары білім берді. Өмірлік жары Гулжамал бүкіл өмірін бала тәрбиесіне арнаған адал ана, мамандығы бойынша медбике. Аудандық, облыстық марапаттармен марапатталған. Смайыл аға адал, еңбекқор еңбегінің арқасында елге сыйлы азамат ретінде 1997 жылы абыроймен зейнетке шықты.

Шорманов Жарқынбек Шалбекұлы 1954 жылы 22 шілдеде, Созақ ауылында дүниеге келген. 1961 жылы



Созақ ауылындағы В.И.Ленин атындағы орта мектебінің 1-сыныбына қабылданып, аталған мектепті 1951 жылы бітіріп, 1971-

1973 жылдары аралығында «Созақ» совхозында еңбек етіп, 1973 жылы әскер қатарына шақырылып, 1973-1975 жылдары әскери борышын өтейді. 1976-1980 жылдары Шымкент қаласындағы педагогикалық институтын дене тәрбиесі жөніндегі мамандығын алып шықты. 1980 жылы Шымкент қаласындағы Джерзинский ауданына ішкі істер бөліміне қызметке орналасып, сырттай Қарағанды қаласындағы ҚР ІІМ-нің Жоғарғы мектебінің заңгер мамандығын алып шығып, 1994 жылға дейін қызметте болып, 1994 жылы Созақ аудандық ішкі істер бөліміндегі жол полициясы бастығының орынбасары болып қызметке ауысып келді. 1998-2002 жылдары Созақ аудандық полиция бөлімінің бастығы болып 2002 жылы полиция майоры шенімен зейнеткерлікке шықты. 2002-2010 жылдары ЖШС «Қорған-Қазатомөнеркәсіп» ф-лы Қыземшек күзет отрядының бастығы, 2010-2015 жылдар аралығында «ҚазТрансОйл», Созақ мұнай-газ филиалына қарасты «ТОО-Semser Security» күзет отрядының бастығы қызметін атқарды. Отбасылы, үш ұлдан тараған сегіз немеренің атасы.


Тұрмаханов Абай Қалқаманұлы 23 маусым 1955 жылы Қарақұр ауылында



дүниеге келген. Білім жоғары, мамандығы мұғалім және құқықтану. 1962 жылы Қарақұр ауылында Энгельс атындағы орта мектебіне оқуға барып 1972 жылы орта мектепті бітірді. Осы жылы Шымкент қаласындағы мұғалімдер институтының дене тәрбиесі факультетіне оқуға түсіп 1976 жылы аяқтап, осы жылдың қыркүйек айына дейін дене тәрбиесі мұғалімі, одан 1976-1978 жылдар аралығында комсомол комитетінің хатшысы жұмысын атқарып, 1978 жылы мамыр 1979 жылы қараша айы аралығында Совет армиясы қатарында танк командирі қызметінде әскери борышын өтеді. 1980 жылы Шымкент қаласындағы Джерзинский АІБ-де, 1985 жылдан Бәйдібек АІБ-де, 1990 жылдан Созақ ауданы АІБ бөлімдерінде кәмететке толмағандар жөніндегі және учаскелік инспекторы, экономикалық қылмысқа қарсы күрес бөлімі бастығы, АІБ бастығының бірінші орынбасары қызметтерін атқарып 2001 жылы полиция подпол-

ковнигі шенінде зейнеткерлікке шықты. 2001 жылы «Құлагер» шаруа қожалығын құрып бүгінгі күнге дейін төрағасы қызметін атқарып келді. Зейнеткерлікке шыққан соң, Созақ орман шаруашылығында аң қорғау инженері, аға кеңесші қызметтерін атқарып, 2011 жылдан ҚР «Халықаралық құқық қорғау орталығы» Қоғамдық бірлестігі заңгер, кәсіби медиатор, қызметін 2019 жылға дейін істеді. Осы қызметтерді атқарып жүріп, мүйізді ірі қара малының Әулие көл, «Абердин ангуст» бұқаларын әкеліп сиыр тұқымын асылдандыру жұмысымен ауданда алғашқылардың бірі болып айналысып, арпа, бидай, мақсары және жоңышқа дақылдарымен мал азығын дайындау жұмыстарын жүргізіп елге қажетті еңбегін сіңіріп келеді. Осындай еңбектерінің нәтижесінде «Кірішкісіз еңбегі үшін» медалімен екі рет, 29 қазан 2012 жылы «Оңтүстік Қазақстан облысына сіңірген еңбегі үшін» медалімен және «Қазақстан полициясы 25 жыл», 24-қыркүйек 2024 жылы Ішкі істер органдары мен Ұлттық Ұлан ардагерлерінің қазақстандық кеңесі Президумының №229 қаулысымен «Ішкі істер министрінің құрметті ардагері» омырау медалдарымен марапатталды. Жанұясында үш қыз, екі ұлы бар.

Запастағы полиция майоры Құлманбетов Бердірақман Егенбердіұлы 1956 жылы қыркүйек айының 28-ші жұлдызында Шолаққорған ауылында жұмысшы жанұясында туылды. 1963 жылы 1-ші қыркүйек Шолаққорған ауылындағы М.И.Калинин атындағы орта мектептің 1-ші сыныбына оқуға барып аталған мектепті 1973 жылы бітіріп шықты. 1973 жылы Алматы зоотехникалық мал дәрігерлік институтының зооинженер факультетіне оқуға түсіп, аталған институтты зооинженер мамандығы



бойынша 1978 жылы бітіріп шықты. 1979 жылы №18 Созақ аудандық өрт сөндіру бөлімінде аға нұсқаушы, №18-ші Созақ аудандық өрт сөндіру бөлімінің бастығы, Созақ аудандық ішкі істер бөлімінде паспорт жазушы, Созақ аудандық ішкі істер бөлімінің мемлекеттік өрт қауіпсіздігіне бақылау инспекциясының инспекторы, Созақ аудандық ішкі істер бөлімінің мемлекеттік өрт қауіпсіздігін бақылау инспек-

циясының бастығы қызметін атқарған.

1993-2004 жылдар аралығында Созақ аудандық ішкі істер бөлімінің бастығының мамандар және тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. Бүгінгі таңда зейнеткер. Әйелі Ошақбаева Ғалия Шаймұратқызы 1956 жылы туылған, мектепте мұғалима.

Мырзашев Ертере Алдабергенұлы 1957 жылы 1 сәуірде Түркістан ауданы, Байбақорған әкімшілігіне қарасты Абай ауылында



дүниеге келген. 1965-1975 жылдар аралығында Абай атындағы орта мектепте оқып, 1975 жылы Түркістан қаласындағы жүргізушілер даярлайтын (ДОСААФ) курсына түсіп, жүргізуші куәлігін алған соң әскер қатарына алынған. 1976-1978 жылдар аралығында Совет Армиясы қатарында әскери борышын орындап, келген соң Түркістан қаласындағы өндіріс орындарында жұмыс істеген.

1980 жылы Алматы қаласындағы Алматы орта-арнаулы милиция мектебіне оқуға түсіп, 1982 жылы жоғарыда аталған оқу орнын тәмамдаған соң, Созақ АІБ-і қылмысты іздестіру бөлімшесіне жедел уәкіл болып тағайындалған.

Қызмет атқару барысында өз мамандығының үздігі ретінде көптеген марапаттарға ие болған және Республикалық «Сақшы» газетінің беттерінде жақсы көрсеткіштері жарияланған.

Зейнеткерлікке 1998 жылы қазан айында Созақ АІБ-нен шыққан.

Дуанаев Беркінбай Әлмаханұлы 1957 жылы 14 қаңтарда Балдысу ауылында дүниеге келген. Ішкі істер саласының ардагері, зейнеткер. 1974-1975 жылдары Созақ ауданы Калинин атын-



дағы кеңшарда жұмысшы болған. 1975-1977 жылдары Кеңес армиясы қатарында қызмет етті. 1978-1986 жылдары кеңшарда жүргізуші болып істеген. 1993 жылы Алматы қаласындағы Әл-Фараби атындағы Мемлекеттік университеттің Заң факультетін бітірген 1986-1987 жылдары Шымкент қаласында автоинспектор, 1988-1996 жылдары Созақ аудандық ішкі істер бөлімінің мемлекеттік инспекторы. 1996-2003 жылдары Созақ аудандық ішкі істер бөлімінің жол полициясы бөлімшесінің бастығы қызметтерін атқарған. Полиция майоры. Ішкі істер органдары мен Ұлттық ұлан ардагерлерінің қазақстандық кеңесі Президумының төраға милиция генерал майоры Ө.Болсамбеков 17 қаңтар 2017 жылғы №9 қаулысымен «ІІМ-нің құрметті ардагері» төсбелгісімен белгісімен марапатталған. «Түркістан облысына еңбегі сіңген» медалінің иегері. Созақ аудандық ішкі істер бөлімі бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы қоғамдық қызметін атқарған.

Әбдіраев Ерайдар Дәрібайұлы 1959 жылы Созақ ауданында дүниеге келген. 1978-1980 жылдары Орынбор қаласында 2 жылдық әскери міндетін атқарып келді. 1980 жылдан бастап ІІБ-нің жанындағы күзет бөліміне жұмысқа орналасты. 1989 жылдан бастап қыл-



мыс іздестіру бөлімінің кіші инспекторы болып жұмысқа ауыстырылды. 1996 жылы «Тасты» совхозында адам өлтіру қылмысы болды. Сол қылмысқа қылмыс іздестіру бөлімінің инспекторы майор милициясы Мырзашев Ертере екеуі барып қылмыскердің ізіне 2 күннен кейін түсіп құмның Тасты жақ шетінен ізіне түсіп Жартытөбе совхозының аймағынан ұстап алып ішкі істер бөліміне алып келді. Ол қылмысын мойындап, ісі сотқа жолданды. 2000 жылы Степноя поселкесіне арнаулы милиция бөліміне ауысып барды. 2003 жылдан бастап 2007 жылға дейін Тайқоңыр елді мекенінің учаскелік инспекторы атанды. Осылай ол бар күш жігерін 1980-2007 жылдары ІІБ-де жұмсап, зейнеткерлікке шықты. Қазіргі таңда Тайқоңыр елді мекенінде тұрады. 2 қыз 1 ұлды тәрбиелеп өсіріп отыр. Барлығы жанжылы.

Бетті дайындаған: Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ. (Жалғасы бар).

Хабарландыру!

“Састөбе” инновациялық кешені” ЖШС “-гі, Түркістан облысы, Созақ ауданындағы “Үлкен сор” тхз кен орнын игерудің тау-кен»жұмыстарыныңжоспары бойынша«Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайдыжоспары бойынша.

Өтетін орны: Түркістан облысы, Созақ а-ы, Тастыауылы Аппаз Бейсенбаев көшесі №3, Тасты ауылдық округі әкімшілік ғимаратының, акт залында.

Өтетін күні мен уақыты: 2025 жылы19-желтоқсан сағат 10:30-де.

Әсер ету аймағының географиялық координаттары 44қ39'06"– 44қ39'14" С.Ш. и 69қ12'59"-69қ13'09" В.Д.

Жобалық құжаттама пакетімен ҰДБ ақпараттық жүйесінде ndbecology.gov.kz, сондай-ақ

ЖАО <https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru> сайтында танысуға болады. Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар ҰДБ ақпараттық жүйесінде ndbecology.gov.kz болады, сондай-ақ, қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады. Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Zoom кездесуіне қосылу <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Жеке конференция идентификаторы: 616 540 8596

Кіру коды: 123456

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады Тапсырыс беруші: “Састөбе” Инновациялық кешені” ЖШС “, ЖСН 190440025501, Түркістан об-ы, Түлкібас ау-ы, а.о Балықты, а.Балықты, 69-тоқсан, құ-с 1203, sc-lawyer@mail.ru,87756661165.

Қоршаған ортаны қорғау бөлімін жобалаушысы ЖШС «Эко-Инновация», gulgaz_91@mail.ru. БСН 151040010425,Шымкент қ, а.Қаратау, Мирас м/а, Сақ елі көшесі 52 сым.87781524535.

Мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда “Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы” ММ-не мына мекенжай бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады: Түркістан қ., Жаңа қала ш.а. 32 кө-і, 20, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253359845.

Объявления

ТОО «Инновационный комплекс «Састөбе»объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проекту Раздел «Охрана окружающей среды» для план горных работ на разработку месторождения соли «Үлкен Сор» в Сузакском районе,Туркестанской области.

Место проведения: Туркестанская об-ь, Сузакский р-н,с.Тасты, ул. А. Бейсенбаев №3, здания акимата, актовй зал.

Дата и время проведения: 19 декабря 2025 года в 10:30.

Географические координаты территории воздействия 44қ39'06"– 44қ39'14" С.Ш. и 69қ12'59"-69қ13'09" В.Д.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на информационной системе НБД <https://ndbecology.gov.kz/>, а также сайте МИО <https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru>. Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний. В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Подключиться к конференции <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференции: 616 540 8596

Код доступа: 123456

Дополнительную информацию можно получить по адресу Заказчик ТОО «Инновационный комплекс «Састөбе», БИН 190440025501, Туркестанская об-ь, Тюлькубасский р-н, с. обАлтынский, с. Балықты, кв-л 69, ст-е 1203, 87756661165.

Проектная организация ТОО «Эко-Инновация», gulgaz_91@mail.ru. БИН 151040010425 г.Шымкент, р. Каратауский, Мирас м/к, ул.Сақ елі 52, 87781524535.

Общественность и заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в письменной или электронной форме по документам в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области» по следующим адресам: г.Туркестан мкр.Новый город, улица 32, 20, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253359845.

«БЖЗҚ» АҚ мамандары жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы бірегей шеберлік сабағын өткізеді

Жыл сайын «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (бұдан әрі БЖЗҚ, Қор) БАҚ өкілдерін, блогерлерді, сондай-ақ, журналистика факультеттерінің студенттерін барлық мақсатты аудиториялар үшін қызықты болатын жедел және өзекті материалдарды дайындау құпияларымен бөлісу үшін жинайды.

Биыл бұл іс-шара аралас форматта ұйымдастырылмақ: БЖЗҚ-ның Алматы қаласындағы Орталық аппаратында(Самал-2, 97-үй) офлайн өткізілсе, еліміздің басқа қалаларындағы тыңдаушыларымыз бен спикерлер шараға онлайн қосыла алады.

2025 жылдың 20 қарашасында баяндамалар орыс тілінде, 21 қарашасы күні қазақ тілінде 10-00 бастап 12-00 дейін оқылады.

Курс бағдарламасында түрлі тақырыптар бойынша оқыту модульдері ұсынылады:

- Әлемдегі зейнетақы жүйелерінің түрлері мен негізгі түсініктері, демографиялық трендтердің зейнетақымен қамсыздандыруға

әсері. Қазақстандағы зейнетақы жүйесі. БЖЗҚ қызметі (Неліктен көптеген елдер зейнетақы жүйесінің жинақтаушы және аралас түріне көшуде?

- Зейнетақы активтерін ҚР ҰБ-тың басқаруы (зейнетақы активтері қалай және қайда инвестицияланатыны туралы таныстырылымды ҚР Ұлттық банкінің басқарушылары ұсынады).

- Зейнетақы жинақтары сенімгерлік басқаруда. Инвестициялық портфельді басқарушы компаниялар туралы ақпаратты қайдан алып оқуға болады?

Іс-шараға қатысу үшін алдын ала тіркелу қажет. Қатысуға өтінімді өзіңіз туралы:

ТАӘ, БАҚ немесе оқу орнының (студенттер үшін) атауы, қатысу күні,

қатысу форматы (офлайн/онлайн), электрондық мекенжайы және Whatsapp телефон нөмірі (шақыру сілтемесін жіберу үшін).

«Созақ үні»-ақпарат.

Хабарландыру

«Аппак» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 95-бабына сәйкес, «2026 жылға арналған»Батыс Мыңқұдық» кенішінің УГТП аумағында ПРжәне ВР магистральдық құбырының құрылысы ""Аппак" ЖШС» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізетінің хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау 22.12.2025 ж. сағат 16.00-де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек кенті, Сарыарқа көш.2 адресіндегі мәдениет үйінде өтеді. Ашық жиналысты өткізу мерзімі, қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша, қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Бастамашы: «АППАК» ЖШС, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қарақұр ауылдық округі, Қарақұр ауылы, 051-квартал, №1 ғимарат. Тел/факс: +7 (72546) 61709 E-mail: rudnik@appak.kazatomprom.kz

Жоаны әзірлеуші: “KAZ Design & Development Group LTD” ЖШС, Алматы қ., Навои к-сі, 74, 131 кеңсе, тел.: +7(778) 5295050.

Белгіленген қызмет бойынша хабарландыру және құжаттар <https://ndbecology.gov.kz> сайтында орналастырылған, қосымша ақпарат алу үшін+7(778) 5295050 телефоны бойынша хабарласуға болады.

ЖАО, жұртшылықтың қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты - “Түркістан облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы» КММ, Түркістан қаласы, Жаңа Қала шағын ауданы, 32 көше, 20 ғимарат, aidarerkebai@yandex.kz.

Жұртшылық қоғамдық тыңдауға жіберілген құжаттарға қатысты өз ескертулері мен ұсыныстарын қағаз немесе электронды түрде <https://ndbecology.gov.kz/> сайтына жолдай алады.

Хабарландыру

«DrillingCompany» ЖШС келесі ШНШ, ҚББ, ӨЗБ бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау іс-шаралары жоспарлы жобалар бойынша ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Өткізу орны: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау а.о., Бақырлы а., Жиенбет батыр көш., 13 А. (Бақырлы ауыл әкімдік ғимаратында)

Өткізу күні мен уақыты: 2025 жылдың 22 желтоқсан сағат 10:00-де.

Өткізу орны: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек а.о., Қыземшек а., Сарыарқа көш., №2. (Қыземшек ауылы мәдениет үйінде)

Өткізу күні мен уақыты: 2025 жылдың 22 желтоқсан сағат 15:00-де.

Конференцияға онлайн қосылу: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Конференция идентификаторы: 616 540 8596

Кіру коды: 123456

Қоғамдық тыңдауға жіберілген құжаттармен келесі порталда танысуға болады esportal.kz, сондай-ақ Жергілікті атқарушы орган «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтының «қоғамдық тыңдау» бөлімінің сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=kk> танысуға болады. Мекен жайы: Түркістан қаласы, Жаңақала ш.а. 160 кварт., 32 көше e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz,

Бастамашы: «DrillingCompany» ЖШС, мекен-жайы: ҚР, Алматы қ., Пушкин көш., 13 үй, кв. 1. БСН 040340001997 , тел. 8-707-530-2127

Орындаушы: «Tabigat8» ЖК, Шымкент қ., 189 кв, 33 үй. тел. +77711515038. Email: zhadra_140992@inbox.ru

«Drilling Company» ЖШС барлық тілек білдірушілерді қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырады. Барлық мүдделі тұлғалар өздерінің ескертулері мен ұсыныстарын келесі электрондық пошта мекен-жайы бойынша енгізе алады: a.erkebai@ontustik.gov.kz. zhadra_140992@inbox.ru,

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын қағаз жүзіндегі материалдармен Алматы қ., Пушкин көш., 13 үй, кв. 1мекен-жайы бойынша танысуға болады. Барлық сұрақтар бойынша мына телефонға: 8-707-530-2127

Географиялық координатасы:

Ендік: 44,39'12.56"С

Белдік: 67,41'57.14"В

Объявление

ТОО «АППАК», в соответствии со ст. 95 Экологического кодекса РК,проводит общественные слушания по разделу «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Строительство технологической дороги на территории УГТП рудника «Западный Мын-кудук» на 2026 г. ТОО «АППАК», расположенного в Сузакском районе Туркестанской области».

Слушания состоятся 22.12.2025г. в 16.00 ч. по адресу:Туркестанская область, Сузакский район, Кыземшекскаяп.а., п.Кыземшек, Дом культуры, ул. Сарыарқа 2. Срок проведения открытого собрания может быть продлен до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

Инициатор: ТОО «АППАК» Юр. адрес: Республика Казахстан, 161003, Туркестанская обл., Сузакский р-н, Карагурский сельский округ, село Каракур, квартал 051, сооружение №1. Тел/факс: +7 (72546) 61709 E-mail: rudnik@appak.kazatomprom.kz.

Разработчик:ТОО «KAZ Design & Development Group LTD», г. Алматы, ул. Навои, 74, офис 131, тел.: +7(778) 5295050.

Объявление и документы по намечаемой деятельности размещены на сайте по ссылке: <https://ndbecology.gov.kz/> исайте УПР ТО, за дополнительной информацией обращаться по телефону +7(778) 5295050.

МИО, ответственный за обеспечение доступа общественности к информации о проведении общественных слушаний - КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования Туркестанской области», г.Туркестан, микрорайон ЖаңаҚала, улица 32, здание 20. E-mail: aidarerkebai@yandex.kz.

Общественность может направить свои замечания и предложения в бумажной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания по адресу <https://ndbecology.gov.kz>.

Объявление

ТОО «DrillingCompany» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проектам НДВ, ПУО, программа ПЭК, план мероприятий по охране окружающей среды.

Место проведения: Туркестанская область, Сузакский район, Каратаускийс.о., с. Бакырлы, ул. Жиенбет батыр, 13 А.(в здания акимата с. Бакырлы)

Дата и время проведения: 22 декабрь 2025 года в 10:00.

Место проведения: Туркестанская область, Сузакский район, Кыземшекскаяп.а., п.Кыземшек, ул. Сарыарқа, №2.(в здания дом культуры п. Кыземшек)

Дата и время проведения: 22 декабрь 2025 года в 15:00.

Подключиться к конференции <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференции: 616 540 8596

Код доступа: 123456

С материалами, выносимыми на общественные слушания, можно ознакомиться на Едином экологическом портале esportal.kz, а также на сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=kk> Местного Исполнительного Органа ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», адрес: г. Туркестан, мкр. Новый город, кварт. 160, ул. 32. e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz в разделе «Общественные слушания».

Инициатор: ТОО «DrillingCompany» адрес: Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Пушкина 13, к.1 БИН 040340001997, тел. 8-707-530-2127

Исполнитель проекта: ИП «Tabigat8», г. Шымкент, 189 квартал, дом 33 тел. +77711515038. Email: zhadra_140992@inbox.ru

ТОО «DrillingCompany» приглашает всех желающих принять участие в общественных слушаниях. Все заинтересованные лица могут внести свои замечания и предложения, отправив их на электронную почту: zhadra_140992@inbox.ru, a.erkebai@ontustik.gov.kz.

С материалами проекта в бумажном виде можно ознакомиться по адресу: г. Алматы, ул. Пушкина 13, к.1 По всем вопросам обращаться по телефону: 8-707-530-2127

Географические координаты:

Широта: 44,39'12.56"С

Долгота: 67,41'57.14"В

"ЖЫЛНАМАҒА АЙНАЛҒАН ЖЫЛДАР!"

(Жалғасы.
Басы өткен сандарда).

Мол жем -шөп қорын жасау басты мәселе

Биыл табиғаттың жомарттығында мін жоқ. Дүркін-дүркін жауып өткен жауыннан кейін жер құлпырып, шабындық шөптер бітік өсіп, ырғала бастады. Демек, қай бір шаруашылықта болса да жем-шөп қорын жеткілікті етіп жасауға мүмкіндік бар. Міндет-сол мүмкіндіктерді ұтымды пайдаланып, құнарлы мал азығын дайындау болып тұр.

Басқарма еңбеккерлері бүкіл совет халқы сияқты КПСС Орталық Комитеті ноябрь Пленумының қаулысын жүзеге асыра отырып, биыл мал басын едәуір көбейтумен бірге, елімізге мал өнімдерін көп беру жөнінде нақты міндеттемелер алды. Бұл міндеттемені абыроймен орындап шығудың қажетті шарты ең алдымен құнарлы мал азығы екені белгілі. Мол жем-шөп қоры-семіз ет, майлы сүт және сапалы жүн.

Сондықтан біздің совхоздарымызда мал азығына арналған жүгері, жоңышқа сияқты дақылдар көлемі жылдан жылға көбейтіліп, олардан мол өнім алу жолдары көзделуде. Біздің басқарма көлемінде табиғи шөптің үлес салмағы едәуір үлкен. Басқарма бойынша 131108 тонна шөп дайындалуы тиіс.

Бұл зор міндет, абыройлы іс. Олай болса шөпті жер кезінде шабу-қазіргі басты мәселе.

Міндетін осы тұрғыда түсінген басқармамыздағы бірқатар шаруашылықтар шөп шабу ісіне зор әзірлікпен кіріскелі отыр. Бұл жөнінде «Алғабас» совхозының бірсыдырғы тауір істерін айтқан жөн. Мұнда шөп жинаудың шаралары мен жжжмыс жоспары алдын ала жасалады. Шөп шабатын бригадалар жасақталып, оларға участоктер бекітіліп берілді. Ақауы бар техникалар жөндеуден өткізіліп, іске әзір етілді. Мұндай игілікті жжжмыстар «Созақ», «Жуантөбе» совхоздарында да істелді.

Алайда, жуықта газеттеріміз жариялаған Қазақ ССР Министрлер Советінің «Республиканың совхоздары мен колхоздарында 1963 жылғы шөп жинауға әзірлік және оны өткізу туралы» қаулысында атап көрсетілгендей, кейбір шаруашылықтар жауапты іске салғырт қапал келеді. Соның салдарынан шөп шабатын машиналар іске әзірлеу қанағаттанғысыз. Олар запас бөлшектер жетіспейді деген сылтауды желеу етіп, ахаулы техникаларды толық жөндеуді қамтамасыз ете алмай отыр. Мұндай кемшіліктерге әсіресе «Шу» «Құмкент» совхоздарында жол берілген. Жжжмыстағы осындай оралымсыздық шөп шабуды кешеуілдетуге, жем-шөп қорын жасаудың жоспарын орындамауға әкеліп соқтыратыны ықтимал. Сондықтан оған бұдан былай тезуге болмайды.

Шөп шабу- маңызды зор науқан. Уақытты алғашқы күннен тиімді пайдалансаң-ұтқаның. Олай болса, техниканы іске сақайдай сай етіп, шөп шабуға әзірлікті дереу аяқтау керек.

Мал азығының берік қорын жасау үшін әндіріс басқармасы, совхоз басшылары мен партия ұйымдары-шөпшілер арасында социалистік жа-



рыстар үлгілі ұйымдастырулары тиіс. Партия ұйымдары үгітшілердің жжжмысын бақылап, бағыттан олардың мазмұнды әңгімелер өткізіп тұруларына жетуі керек. Кіммен жарыста екенін, еңбек ақы төленіп жүрген шарттарын шөпшілер жақсы білетін болсын.

Шабындықтарда дала қостарын ұйымдастыру, оларды жабдықтау, шөпшілерді дәмді, ыстық тағамдармен қамтамасыз ету негізгі міндеттердің бірі. Сонымен бірге оларға газеттер мен журналдардың жаңа нөмерлерін жеткізіп беру,, ойын-сауық кештерін ұйымдастыру және басқа мәдени жжжмыстың жүргізілуі қажет.

Мал бордақылаудың шебері

1962 жылдың октябрь айы. Орта бойлы, қара торы қыз «Жартытөбе» совхозы директорының конторына кірген бетте, келген жжжмысын баяндай бастады. Совхоз директоры С. Малдыбеков жас қыздың тілегін естіген соң:

-Мақсатыңа жет! Тілегіңді қанағаттандырайық. Ерінбей еңбек ете абыройлы болуды көзде,-деп ағалық ақылын айтты.

-Мақұл аға! Жоғары семіздікке жеткізуге күш саламын....

Бұл совхоздың бордақылауға қойылатын сиырларын бағуға тілек білдірген Құрмашова Айман еді.

Ертеңіне Айман 90 өгізшені бордақылауға қабылдап алды. Ол әрбір өгізшені жеке-жеке тараздан өткізіп, салмағы мен түсін блокнотқа түсірді. Көпшілігінің салмағы 240-260 килограмм аспады. Міндеттеме әр өгізшенің салмағын 300килограмға жеткізу болатын.

Айман шұғыл жжжмысқа кірісті. Оған әкесі Құрмаш шешесі Шәмші көмектесті. Қораны таза ұстап, малға жем-шөпті рацион бойынша беріп отырды. Бағып-күтімі жақсарған өгіздер күн санап салмақ қосты,

жоғары қондылыққа жетті.

Өрен қыздың бордақылаған өгізшелері етке өткізілген кезде 65-інің орта салмағы 323, 25-інің салмағы 300 килограмнан келді.

Сөзі мен ісі бірдей шыққан жас қызды еңбектестері «Айман мал бордақылаудың шебері» деп қазір мақтаныш еуде.

**Қ.ЕРДЕНОВ,
Жартытөбе совхозы.
«Молшылық үшін»
№88. 26 ноябрь,
1963 жыл**

Картофельді көп өндірейік

Азық-түлік молшылығын жасауда картофельдің алар орны бір төбе. Бұл мәселеге КПСС Орталық Комитеті ерекше мән беріп отыр. Картофель өндіруді шұғыл арттыру қазір ауыл шаруашылығындағы басты міндеттердің бірінен саналады.

Бұл аса бағалы дақылдың егіс көлемін көбейтіп, онан алынатын өнімді молайту мүмкіндігі біздің басқарма шаруашылықтарында аз емес. Солай бола тұрса да суармалы егіншілікпен айналысатын совхоздардың көбісі бұл жжжмыспен жеткілікті шұғылданбай келеді. 1962 жылғымен салыстырғанда үстіміздегі жылы басқарма бойынша егіс көлемі 122 гектардан 67 гектарға азайып, картофель өнімі 28 тоннаға кеміп кетуі осының дәлелі. «Созақ» совхозы өткен жылы 16 гектар жерге картофель ексе, биыл 5 гектарға, «Құмкент» совхозы 14 гектар орнына 3 гектар, «Алғабас» совхозы 25 гектар орнына 5,5 гектар жерге ғана екті.

Егістің аз егілуімен қоса оның өнімі де өте төмен болып отыр. Үстіміздегі жылы «Бөген», «Алғабас», «Құмкент», Энгельс атындағы совхоздардан бар болғаны 8-22 тоннадан ғана картофель өндірілді. Оның өзіндік құны да өте жоғары болды. Мұның өзі совхоз басшыларымен агрономдардың картофель өндіруге көңіл бөлмей, бұл маңызды іске жете мән бермей келгенін дәлелдейді.

Келесі жылдың қамы да қазір айтарлықтай жасалып отырған жоқ. Келесі жылға қажетті тұқым толық емес. «Бөген», «Алғабас», «Созақ» совхоздарында керекті картофель тұқымының 30-50 проценттері ғана бар. Бұл совхоздарда картофель егілетін жерлер осы күнге дейін белгіленбеген. Арнаулы бригада мен звенолар құрылмай отыр.

1964 жылы картофель егісінің көлемін 200 гектарға, өнімін 1400 тоннаға жеткізу, ал арғы жылы мұнан 1,5 есе арттыру жоспарлануда. Бұл елеулі міндет. Қазірден бастап ірі совхоздарда картофель өсіретін арнаулы бригадалар, басқаларында звенолар құрылып, олар алдағы жылдың егісіне әзірлікке кірісулері керек.

Картофель егілетін жерлер таңдалып алынып оның әр гектарына 30-40 тонна жергілікті тыңайтқыш төгілуі ұйымдастырылуы тиіс. Керекті тұқымды осы бастан толық

қамдап, оның дұрыс сақталуын қамтамасыз еткен жөн.

Картофель өндірумен айналысатын бригадалар мен звенолар құрамын комсомолецтер мен жастардан, тәжірибелі диқандардан іріктей алған дұрыс. Картофель мен овощ өндірудің агротехникасы жөнінде олармен арнайы семинар-кеңестер өткізілуі керек.

Совхоз директорлары мен агрономдары картофель өндіруді жақсарту шараларын жасап, оны жүзеге асыруға баса назар аударатын болсын.

КПСС орталық комитеті пленумы алдында

СҮЙІНЖАН СИҚЫМБАЕВ көп жылдан бері «Тасты» совхозы №2 фермасында аға шопан болып жжжмыс істейді. Ол бүкілхалықтық еңбек дүбіріне қосылып жыл сайын жаңа табысқа жетіп келеді. Сүйінжан үстіміздегі жылы отарындағы әр жүз саулықтан 148 ден қозы алып, 477 қозыны өсіруге қалдырған еді. Оның баққан қозылары жоғары қондылықпен қысқа түсті.

Сиқынбаевтың өнегелі еңбегі КПСС Орталық Комитеті декабрь Пленумының қарсаңында көрініп отыр. Ол отарындағы саулықтарды күзгі тілекке ойдағыдай семіздікпен түсіріп, қой ұрықтандыру ісінің сапалы жүргізуіне жағдай жасады.

Әжекең қуаныш әкеледі

Әжібек Жауынбаев елуді еңсеріп, алпысқа таянған кісі. Оның «Алғабас» совхозы «Бестоғай» фермасында хат тасушы болып істегеніне биыл 9 жыл. Әжекеңнің соншалықты кішіпейілділігіне риза бола отырып, хат тасушы көпшілік адамы екен деген ойға келесің. Шынында солай. Әжекең фермада тұрушы жаспен де, көрімен де сан рет кездеседі. Ол өз қызметін орынды мақтаныш етеді.

-Хат тасушы жжжмысқа жарамайтын кісілердің ісі деп әркім-ақ осы жжжмысты қосынатын. Жоқ, олай емес екен. Қызығы мен қиыншылығы мол жжжмыс екен. "Жігіттерді де, қыздарды да қуантамын"-деп Әжекең сөзінің аяғын әзілге шаптырады.

Әжекең жжжмысы газет журналдарды, хат-хабарларды көпшілікке таратумен ғана шектелмейді. Ол тиісті қоғамдық жжжмысты да атқара жүреді.

Газет-журналдарға көпшілікті жаздыруда да ол нағыз насихатшы болды.

...Ол көпшіліктің сый-құметіне бөленген. Өз міндетін мінсіз атқарады.

**Б.СЕЙІТБЕКОВ,
«Алғабас» совхозы
«Бестоғай» фермасы.**

**Бетті дайындаған:
Мақсат ҚАРҒАБАЙ.
(Жалғасы бар).**

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Мақсат Қарғабай

Жауапты хатшы:
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ

Редакция құрамы:
Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілші
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрмаш Тұрғанов

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға піір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен өкі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3200 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев